<p>Серуенге дайындық <u>17.00-17.20</u></p>	<p>Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p>				
<p>Серуен <u>17.20-18.00</u></p>	<p>Әртүрлі көлемдегі заттарды жинап гүл жасауды үйрету (құрастыру)</p> <p>Еркін ойындар Жеке әңгімелесулерді жүргізу</p>	<p>Қ/о «Кім жылдам» Ауызша нұсқаумен пирамида сақиналарын ретімен қазығына кигізуді пысықтау (сенсорика)</p>	<p>Ересектердің еңбегін бақылауға баулу.</p> <p>Еркін ойындар</p>	<p>Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Есімін атағанда жауап беруді бекіту (қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Қ/о «Жалауға қарай жүгір»</p>	<p>Қ/о «Өз үйінді тап» Әртүрлі көлемдегі заттарды жинап гүл жасауды дағдысын жетілдіру (Құрастыру)</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы <u>18.00-18.30</u></p>	<p>Ертегілер кітабын бірге қарауға кеңес беру. Баланың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы тақырыбында әңгімелесу.</p>				

Циклограмманы тексерген әдіскер:



Г. Турымова

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Наурыз айы 2022-2023 оқу жылы 2 апта

Білім беру ұйымы: «Әсет-Әли» бөбекжай- балабақшасы

Топ: «Балдырған» Кіші топ

Балалардың жасы: 2 жас

Тәрбиеші: Батырбекова Ғ

06.03-10.03.2023 ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі 06.03.2023	Сейсенбі 07.03.2023	Бейсенбі 09.03.2023	Жұма 10.03.2023
Балаларды қабылдау <u>08.00-08.20</u>	Балаларды көтеріңкі көңілді музикамен қарсы алу. Балалар үшін жайлы ойын жағдайын жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Сәлеметсіз бе! сөзін сөздік қорына қосу. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап берудің қалыптастыру(сөйлеуді дамыту). Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету.			
Ата-аналармен әңгімелесу <u>08.00-08.20</u>	Балалардың ауа райына байланысты жылы киіну жағдайларын талқылау.			
Балалардың дербес әрекеті (баяу, қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер <u>08.20-08.55</u>	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында өзі таңдаған ойыншықтармен еркін ойындарды ұйымдастыру. Дидактикалық ойындарға «Қалай дыбыстайды?», саусақ ойыны «Қуырмаш» және үстел үсті ойындарын ойнауға жұмылдыру, белсенділігін арттыру. Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, сурет альбомдарын қарауына ықпал жасау. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге бақылату. (Балалармен жеке жұмыс).			
Таңертеңгі жаттығу <u>08.55-9.00</u>	Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығуларды жасату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).			
Таңғы ас <u>09.00-09.30</u>	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластаған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, бетімен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету			
Ұйымдастырылған іс әрекетке дайындық <u>09.30-09.40</u>	Таңғы жиын. Көңілді музыканы видео арқылы тамашалап, қимылдарын бірге жасату. Сөздерін қайталату. Балалар қандай ойындар ойнағысы келетінін айтуын қалыптастыру. «Құыршақты шомылдыру» тақырыбында жеке әңгімелерді айтып беру. Сөзді тыңдай білуге, ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту, қарапайым Кім? Не? Не істейді? сұрақтарға жауап беруге үйрету. Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдауын және т. б. (сөйлеуді дамыту)			
Ұйымдастырылған іс әрекеттер <u>09.40-09.55</u>		Музыка	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру

	<p>Анасымен баланың суретін көрсету. Анасымен бөпесі туралы не білетіндерін сұрау. Аналарының атын атату. Үйінде бөпелері барма ? Оларға қалай қарайды? сұрау. (сөйлеуді дамыту) Анасымен баласы отыратын орындықтар жасату, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қоюды пысықтау. (Құрастыру)</p>	<p>Әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. Кітаптар қарату. Қарапайым (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және бірте-бірте күрделі (Нені ұстады? Нені әкеледі?) сұрақтарға жауап беруге үйрету. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Әртүрлі көлемдегі заттарды атауын танып, әр түрлі құрылымдар құрастырып ойнауына жағдай жасау. (сенсорика)</p>		<p>«Бауырсақ» ертегісін үстел үсті театрының кейіпкерлері және басқада көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеп мазмұнын түсінуге үйрету. (көркем әдебиет)</p> <p>Кіші көлемді доптарды шелектерге салғызу, оларды басқа шелекке аударып салуды, оларды күрекшемен алып бір біріне ауыстырып салуды үйрету. (сенсорика)</p>	<p>Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, Қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулуды пысықтау. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Аналардың бізге берген кәмпітін жасату. Сазбалшықтан күрделі мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру. (Мүсіндеу)</p>
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген				
<u>09.55-10.15</u>	<p>қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту). Күн тәртібіне сәйкес таза ауда болуын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пенықылас танытуға баулу. Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету. (Қоршаған ортамен таныстыру)</p>				

<p>Серуен <u>10.15-11.55</u></p>	<p>Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқауды үйрету. Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсінікте рді қалыптастыру. (Қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Ләлбукте аналарға арналған сыйлықтарды жапсырту. (Жапсыру)</p>	<p>Құрылыс материалдары мен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру негізінде күшік пен мысыққа үйшік құрастыруды үйрету (Құрастыру)</p> <p>Екі қолмен бір уақытта заттармен әрекет ету, баланың бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдану дағдысын дамыту. (Қоршаған ортамен таныстыру)</p>		<p>Ауа райының өзгерістерін байқату. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, ол армен ойнату барысында меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше қолдануға ықпал ету (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, құрастыру)</p>	<p>Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға) таныстыру (Қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру негізінде күшік пен мысыққа үйшік құрастыруды үйрету, дамыту (Құрастыру)</p>
<p>Серуеннен оралу</p>	<p>Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз</p>				

<p><u>11.55-12.15</u></p>	<p>шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).</p>				
<p>Түскі ас <u>12.15-12.55</u></p>	<p>Түскі асалдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</p>				
<p>Күндізгі ұйқы <u>12.55-15.00</u></p>	<p>Ұйықтаралдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа құқыпты бүктеп қою. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</p> <p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдату. Бесік жырын тыңдату. (көркем әдебиет)</p>				
<p>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары <u>15.00-15.20</u></p>	<p>Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Жеке заттарды қолдану (қолорамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі олқылықты байқату және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</p> <p>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).</p>				
<p>Бесін ас <u>15.20-16.00</u></p>	<p>Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</p>				

<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, беунелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер</p> <p><u>16.00-16.30</u></p>	<p>Сахналанған таныс ертегілерді тамашалап эмоцияларын танытуды дамыту өз қалаумен сазбалшықты қолдануға мүмкіндік беру (көркем әдебиет) (мүсіндеу)</p>	<p>Фланелеграфта орналастырылған құршақтардың бантиктерін жапсыруды жасату (Жапсыру)</p> <p>Үлгі суретте шарларды саусақтарымен бояту (Сурет салу)</p>		<p>Шар мен доп турлерін жасауда қарапайым және күрделі мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру (мүсіндеу) Қағазға дайын шарлардың жіптерін салу. (Сурет салу)</p>	<p>Бояумен жаңбыр тамшыларын салғызу. (Сурет салу) Өз қалаумен фланелеграфта әр түрлі бейнелерді таңдап жапсыруды жалғастыру (Жапсыру)</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс <u>16.30-17.00</u></p>	<p>Мансұрды белгілі ретпен киініп шешінуді үйрету.</p>	<p>Топпен көркем шығармаларды эмоцияналды қабылдауды меңгерту.</p>	<p>Балаларға шағын тақпақтарды қайталап айтуға үйрету.</p>	<p>Мұсылмға табиғаттың маусымдық өзгерістерін атауды үйрету.</p>	<p>Айымға тепе теңдікті сақтап жүруге дағдыландыру.</p>
<p>Серуенге дайындық <u>17.00-17.20</u></p>	<p>Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ретсіздікті байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлауды үйрету. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</p>				
<p>Серуен <u>17.20-18.00</u></p>	<p>Фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру ойындарын ойнату (сенсорика) Құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыруға ынталандыру. (сурет салу)</p>	<p>Таныс әннің қайталанатын сөздерін айтуға ынталандыру (музыка)</p>		<p>Фланелеграфта жіпке жалаушаларды орналастырып жапсырту (жапсыру)</p>	<p>Фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру (сенсорика)</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы <u>18.00-18.30</u></p>	<p>Балаға қойылатын сұрақтар туралы кеңес беру. Балалардың күн соңындағы көңіл күйін талқылау</p>				

Циклограмманы тексерген әдіскер:



Г. Турымова

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Наурыз айы 2022-2023 оқу жылы 3 апта

Білім беру ұйымы: «Әсет-Әли» бөбекжай- балабақшасы

Топ: «Балдырған» Кіші топ

Балалардың жасы: 2 жас

Тәрбиеші: Батырбекова Ғ.

13.03- 17.03.2023 ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі 13.03.2023	Сейсенбі 14.03.2023	Сәрсенбі 15.03.2023	Бейсенбі 16.03.2023	Жұма 17.03.2023
Балаларды қабылдау <u>08.00-08.20</u>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен, жүрекше стикер беріп қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру(сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу <u>08.00-08.20</u>	Балалардың бала бақшаға көтеріңкі көңіл күймен келу жағдайларын талқылау. Балалардың денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу, күн сууына байланысты жылы киіндіруге кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу, қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер <u>08.20-08.55</u>	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, «Жапырақтар», саусақ ойыны «Қуырмаш» «Бір сөзбен ата» дидактикалық ойындарға қатысу белсенділігін арттыру. Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояту, ойыншықтарды топтастыру іс ірәкеттерді жасауына жағдай жасау. Табиғат бұрышындағы тірі табиғат нысандарын бақылату барысында баланың сөйлеуін дамыту. (Балалармен жеке жұмыс)				
Таңертеңгі жаттығу <u>08.55-9.00</u>	Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас <u>09.00-09.30</u>	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету.				
Ұйымдастырылған іс әрекетке дайындық <u>09.30-09.40</u>	Көңілді музыка қою. Қарапайым би қимылдарын орындауды пысықтау: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу (музыка) Балалар қандай ойындар ойнағысы келетінін айтуын қалыптастыру. «Киімдер» тақырыбында жеке әңгімелер жүргізу. Бас киім, аяқ киімі, қысқы тондар мен жылы байпақ пен қолғап түрлерімен таныстыру. Сөзді тындай білуге, ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту, қарапайым Кім? Не? Не істейді? сұрақтарға жауап беруге үйрету. Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдауын дамыту және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс әрекеттер <u>09.40-09.55</u>		Музыка	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру

	<p>Көктем мезгілі екенін айту. жақында наурыз мерекесі болады деп суреттер көрсету. Суреттерге қарап танытын заттарын атату. Сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіруді үйрету. Бидай мен жүгеріні көрсету. Олардың дәндерін наурыз көжеге қосатынын айту.</p> <p>(көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту)</p> <p>Гүлдер мен дәндердің ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.</p> <p>(Сенсорика)</p>	<p>Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету Наурыз тойында барлық адамдар бір бірімен амандасады, қал жағдай сұрайды деп суреттер көрсету. Бір бірімен қол алысып амандасуды, қал жағдай сұрауды ұйымдастыру. Ересектермен және құрдастарымен ауызша қарым-қатынас жасауды дамыту.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>Алтын қоржыннан шыққан заттарды өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды үйрету. Топтастырып болған заттарды атау, оларды қалай қолданатынын сұрау.</p> <p>(сенсорика және сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Наурыз батасы Ұлыс оң болсын, Ақ мол болсын! Қайда барсаң жол болсын, Не тілесең сол болсын! Батаны жаттату.</p> <p>(көркем әдебиет)</p> <p>Фланелеграфқа наурыз дастарханына арналған тағамдарды жапсырту.</p> <p>(жапсыру)</p>	<p>«Алтын қоржын» ойынын ойнату. Заттарды суреттерге сәйкес оптастыру. Таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?».</p> <p>Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беруге ынталандыру. Наурыз батасын жатқа айтуларын жетілдіру.</p> <p>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Қуыршағымызды серуенге шығарайық деп көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды</p>				
<p><u>09.55-10.15</u></p>	<p>эмоциялық қарым-қатынас білдіруді және бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындау дағдасын пысықтау. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту). Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін(спорттық,би)орындауға,қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге,бұрын меңгерген қимылдарды өзбетінше орындауға ықыластанытуға баулу.</p>				

<p>Серуен <u>10.15-11.55</u></p>	<p>Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту) Өз ара қарым қатнаста дәрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру (Қоршаған ортамен таныстыру) Ермексаздан бидай және жүгері дәндерін жасату. (мүсіндеу) Спорттық жаттығулар: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегісіз түсуге, ересектердің көмегімен және өзбетінше рөлді басқаруға үйрету. (спорт залда немесе алаңқайда)</p>	<p>Ауа райының ерекшеліктерін байқату. Күннің жылы әлде суық екенін анықтату. Құрдастарымен бірге жолдар. Текшелер құрастыруға баулу, олармен ойнату, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту (құрастыру) (қоршаған ортамен таныстыру) Қимылды ойын: «Поезд» Алып шыққан пирамидаларды жинату, текшелерді тізіп құрастыру ойындарын ойнату. (Сенсорика)</p>	<p>Наурыз мерекесінде барлық аналар, қыздар әдемі ұлттық киім киетінін айтып суреттер көрсету. Әшекей заттарды ұстап көру. Осындай сақина моншақтарды қуыршақтарға жасауды ұсыну. Мүсіндеуде қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қолсағат), және басқа заттардың ұқсастықтарын таба білуді үйрету. (Мүсіндеу) Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Құмда өз бетінше сурет салуын ұйымдастыру. (сурет салу) Қимылды ойын «Төгілген жіптерді жылдам жина»</p>	<p>Ауа райының ерекшеліктерін байқату. (Қоршаған ортамен таныстыру) Алтын қоржыннан шыққан заттарды суреттерге сәйкес топтарсыру ойыны. Ойыншық, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарларымен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен атату сөйлеу дағдыларын дамыту (Сөйлеуді дамыту) Балалардың дербес әрекеті. Қимылды ойын: «Ұшақтар»</p>	<p>Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін таныстыру. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы үсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру. (қоршаған ортамен таныстыру) Қимылды ойын «Өз үйінді тап»</p>
---	---	--	--	--	---

<p>Серуеннен оралу <u>11.55-12.15</u></p>	<p>Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. (дербес қимыл әрекеті).</p>
<p>Түскі ас <u>12.15-12.55</u></p>	<p>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</p>
<p>Күндізгі ұйқы <u>12.55-15.00</u></p>	<p>Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Бесік жырын айтып беру (көркем әдебиет)</p>
<p>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары <u>15.00-15.20</u></p>	<p>Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.(мәдени-гигиеналық дағдылар).</p>
<p>Бесін ас <u>15.20-16.00</u></p>	<p>Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, асты тауысып жеуге дағдыландыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</p>

<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, беунелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер</p> <p><u>16.00-16.30</u></p>	<p>Көңілді музыканың берілген сипатына сай қимылдар жасату (музыка)</p> <p>Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда дербес әрекеттер. Дайын жапсыру пішіндерінің ішінен ыдыстар бейнелерін табу, фланелеграфтағы дастархан бетіне жапсырту. (Жапсыру)</p> <p>Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту. Түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді сызықтарды парақ бетінде салуын үйрету. (сурет салу)</p>	<p>Апаймен бірге бауырсақ жасату. Қамырды оқтаумен жаюды ұйымдастыру. Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. (Мүсіндеу)</p> <p>Балалардың ләпбуктармен жеке ойын әрекеттерін жасату (Жапсыру)</p> <p>Кітаптарды қарату. Ертегі оқып оны ойыншықтар, суреттер, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқада көрнекі құралдарды көрсету (көркем әдебиет)</p>	<p>Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігін арттыруға үйрету (Музыка)</p> <p>Балалардың қалауы бойынша құрастырмалы материалдарды алып, шығу, олармен еркін ойындарда баланың дербес әрекетін дамыту (құрастыру)</p> <p>Ертегі кейіпкерлердің киімдерін киіп ойнау жағдайын ұйымдастыру. (көркем әдебиет)</p>	<p>Түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді сызықтарды парақ бетінде салу дағдысын дамыту (сурет салу)</p> <p>Үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен ойын алаңдарын құрастыру. (Құрастыру)</p>	<p>Сурет салғанда дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасауды қалыптастыру. Наурыз дастарханына кәмпіттер салуды дамыту. (сурет салу)</p> <p>Наурыз дастарханына ұлттық тағамдрды танып жапсырту. (жапсыру)</p>
--	---	--	--	--	--

<p>Балалармен жеке жұмыс<u>16.30-17.00</u></p>	<p>Мансурға шынықтыру шараларын өткізгенде жағымды көңіл күй танытуды үйрету.</p>	<p>Муслимге жеке гигиенаның бастапқы дағдыларын меңгерту.</p>	<p>Аялаға үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындату.</p>	<p>Топқа ойындарда кейіпкерлердің бейнелерін қарапайым түрде бере алуға дағдылантыру.</p>	<p>Айымды басқа балалармен келісіп ойнауға, бір біріне көмектесуге және жетістіктеріне қуануға үйрету.</p>
---	---	---	---	---	--

<p>Серуенге дайындық <u>17.00-17.20</u></p>	<p>Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.</p> <p>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p>				
--	--	--	--	--	--

<p>Серуен <u>17.20-18.00</u></p>	<p>Балалардың қалауы бойынша құрастырмалы материалдарды алып, шығу, олармен еркін ойындарда баланың дербес әрекетін дамыту (құрастыру)</p> <p>Қимылды ойын «Шарды ұста»</p>	<p>Қимылды ойын: «Өз үйіңді тап»</p> <p>Құмда таяқшамен сурет салу (Сурет салу)</p>	<p>Қимылды ойын «Төгілген жіптерді жылдам жина»</p> <p>Ләпбукта дербес жапсыру әрекеті. (жапсыру)</p>	<p>Доппен ойындар.</p>	<p>Қимылды ойын «Төгілген жіптерді жылдам жина»</p> <p>Ермексаздан бауырсақтар жасату. (Мүсіндеу)</p>
---	--	--	--	------------------------	--

**Балалардың үйге
қайтуы 18.00-18.30**

Табиғи материалдармен ойын ойнауды ұсыну Апта бойғы
жұмыстар бойынша ақпарат беру.

Циклограмманы тексерген әдіскер:



Г. Турымова

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Наурыз айы 2022-2023 оқу жылы 4 апта

Білім беру ұйымы: «Әсет-Әли» бөбекжай- балабақшасы

Топ: «Балдырған» Кіші топ

Балалардың жасы: 2 жас

Тәрбиеші: Батырбекова Ғ

20.03-24.03.2023ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі 20.03.2023				Жұма 24.03.2023
Балаларды қабылдау <u>08.00-08.20</u>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беруді қалыптастыру(сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу <u>08.00-08.20</u>	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Отбасында шынығу маңызы жөнінде ақпарат алу, кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу, қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер <u>08.20-08.55</u>	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, Үстел үсті ойыны «Ұқсасын тап», Дидактикалық ойын «Дәл осындайды тауып ал», «Анасын тап» Саусақ ойыны «Биші адамдар», Суретпен әңгіме:«Салыстыр да, атын ата» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ойыншықтарды топтастыру, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы тірі табиғат нысандарын бақылату. Балалармен жеке жұмыс.				
Таңертеңгі жаттығу <u>08.55-9.00</u>	Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығулар жасату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас <u>09.00-09.30</u>	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету				
Ұйымдастырылған іс әрекетке дайындық <u>09.30-09.40</u>	Көңілді видео музыка сүйемелдеуімен қою. Қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу (музыка) Балалар қандай ойындар ойнағысы келетінін айтуын қалыптастыру. «Ата мен әже силықтары» тақырыбында жеке әңгімелер ұйымдастыру. Сөзді тыңдай білуге, ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту, қарапайым Кім? Не істейді? сұрақтарға жауап беруге үйрету. Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс әрекеттер <u>09.40-09.55</u>					Дене шынықтыру

	<p>Кітаптардағы наурыз мерекесінің суреттерін қарату, ондағы таныс заттарды атауын қалыптастыру . Қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. (сөйлеуді дамыту) Көңілді музыка сүйемелдеуі мен балалардың бірге билеуін ұйымдастыру (музыка)</p>				<p>Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларының иллюстрациялары н қарату. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. (сөйлеуді дамыту) Ертегі оқып беру. Ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқада көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеп ойнату. көркем әдебиет)</p>
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киеді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді, бұрын игерген				

<u>09.55-10.15</u>	қимылдарды өздігінен орындай алады. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен <u>10.15-11.55</u>	<p>Табиғатты бақылату желді анықтауын ұйымдастыру (қоршаған ортамен таныстыру) Ағаш бұтағындағы жапырақ бүршіктерін дәстүрлі емес тәсілмен (ши басына оралған мақта) салуды үйрету (сурет салу) Балалардың жасына сәйкес көркем шығармаларды оқу және Бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, тыңдауға үйрету. (көркем әдебиет)</p>				<p>Табиғатты бақылату су көлшіктерін басып құрғақ алаңда іздерін салыстыруды ұйымдастыру (қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Алып шыққан ойыншықтарымен ойындар ұйымдастыру. (сенсорика)</p> <p>Еркін ойындар</p>

Серуеннен оралу <u>11.55-12.15</u>	<p>Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта қиетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. (дербес қимыл әрекеті).</p>
Түскі ас <u>12.15-12.55</u>	<p>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалдылікүкеркемсөзқолдану, мысалы «Сылдырлайдымөлдірсү, мөлдірсүғақолыңдыжу» көркем сөзді эмоционалы қабылдауды үйрету. Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</p>
Күндізгі ұйқы <u>12.55-15.00</u>	<p>Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру. (көркем әдебиет)</p>
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	<p>Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</p>
<u>15.00-15.20</u>	<p>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.(мәдени-гигиеналық дағдылар).</p>
Бесін ас <u>15.20-16.00</u>	<p>Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, асты тауысып жеуге дағдыландыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</p>

<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер <u>16.00-16.30</u></p>	<p>Фланелеграфтағы жіпке шармен жалаушаларды кезектестіріп орналасырумен жапсырту (жапсыру) Ірі және ұсақ моншақтарды мүсіндеу арқылы мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру (мүсіндеу)</p>				<p>Фланелеграфтағы наурыз көженің дәндерін тауып жапсырту (жапсыру) Дәндерді ермексаздан жасату, оларды бояту. (сурет салу, мүсіндеу) Еркін іс әрекеттер</p>
<p>Балалармен жеке Жұмыс <u>16.30-17.00</u></p>	<p>Түрлі көлемдегі геометриялық фигураларлы негізгі қасиеттері бойынша салыстыруға үйрету</p>				<p>Түстерді ажыратуға және оларды дұрыс айтуға үйрету</p>
<p>Серуенге дайындық <u>17.00-17.20</u></p>	<p>Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p>				
<p>Серуен <u>17.20-18.00</u></p>	<p>Қ/о «Шеңберге тез тұр» Ірі конструктор бөлшектерінен машинаны құрастыруды үйрету (құрастыру)</p>				<p>Ірі конструктор бөлшектерінен машина құрастырып салыстырып ойнату (құрастыру) Еркін ойындар.</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы <u>18.00-18.30</u></p>	<p>Үйде ойналатын ойындар ұсыну. Наурыз мерекесі туралы түсінік беру. Апта бойы алған әсерлерін сұрау, әңгімелесу дағдысын қалыптастыруды үйде жалғастыруды ұсыну.</p>				

Циклограмманы тексерген әдіскер:



Г. Турымова

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Наурыз айы 2022-2023 оқу жылы 5 апта

Білім беру ұйымы: ««Әсет-Әли» бөбекжай-балабақшасы»

Топ: «Балдырған» Кіші топ

Балалардың жасы: 2 жас

Тәрбиеші: Батырбекова Ғ.

27.03-31.03.2023 ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі 27.03.2023	Сейсенбі 28.03.2023	Сәрсенбі 29.03.2023	Бейсенбі 30.03.2023	Жұма 31.03.2023
Балаларды қабылдау <u>08.00-08.20</u>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасап, смалик арқылы көңіл күйін көтеру. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап берудегі қалыптастыру(сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу <u>08.00-08.20</u>	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу, қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер <u>08.20-08.55</u>	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, Үстел үсті ойыны «Ұқсасын тап», Дидактикалық ойын «Зейінді бол», «Кім жоқ?», «Бұл не?» Саусақ ойыны «Орманда», Суретпен әңгіме:«Салыстыр да, атын ата» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ойыншықтарды топтастыру, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы өсімдіктерді бақылау. Балалармен жеке жұмыс.				
Таңертеңгі жаттығу <u>08.55-9.00</u>	Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығуларды жасату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас <u>09.00-09.30</u>	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жемдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету				
Ұйымдастырылған іс әрекетке дайындық <u>09.30-09.40</u>	Таңғы жиын. «жау жау жаңбыр» әнін қойып балаларға түрлі қимылдар жасату. Балалар қандай ойындар ойнағысы келетінін айтуын қалыптастыру. Жаңа ойыншықтар көрсетіп таныстыру. Сөзді тыңдай білуге, ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту, қарапайым Кім? Не? Кім әкелді? сұрақтарға жауап беруге үйрету. Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс әрекеттер		Музыка	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру

<u>09.40-09.55</u>	Жаңбыр қалай жауады суреттер арқылы көрсету. Оны тану, атату. (сөйлеуді дамыту) (көркем әдебиет)	Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білуді үйрету	Ләпбук арқылы ертегі айтып беру. Балаларға кейіпкерлерін атату. Олардың дауыстарын қимылдарын қайталау. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Үстел үсті құрастырмалы материалдардан бөпе құршаққа кереует жасап орналастыруды үйрету (сенсорика)	Суға бояу тамшыларын тамызып, судың түсінің өзгергенін байқату. Суды әр түрлі ыдыстарға құйып көрсету. Түрлі түсті сулармен сурет салғызу. (сурет салу) Ермексаздың қалаған түсін таңдап түрлі түсті доптар жасату. (Мүсіндеу)	Саусақ қимылдарын дамыту бойынша ойындар. Түймелерді қадату. Сырмаларды сырғызу. (сенсорика)
Серуенге дайындық <u>09.55-10.15</u>	Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту. Ойын құрал-жабдықтағы дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен <u>10.15-11.55</u>	Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: жаңбыр, жел. Жаңбыр суларын көрсету, дайын кемелерді жүздірту. (қоршаған ортамен таныстыру) Шелектермен су тасу. (сенсорика)	Қолшатырды құмда салғызу. (сурет салу) Дидактикалық ойын «Сыңарын тап»	Жаңбыржайлы суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту (көркем әдебиет) Балалардың дербес әрекеттері су қалай ағады зерттеу жұмысын ұйымдастыру. Алақандарына су кинатып шелекке құйып жинату. (қоршаған ортамен таныстыру)	Балабақша ауласындағы өсімдіктерге күтім жасауды үйрету (қоршаған ортамен таныстыру) Қимылды ойын «Кім жылдам» Ләпбукта ертегі кейіпкерлерін ретімен жапсыруды үйрету. (жапсыру)	Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге күтім жасауды үйрету (қоршаған ортамен таныстыру) Еркін ойындар Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін видеоларды көру (музыка)
Серуеннен оралу <u>11.55-12.15</u>	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта қиетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. (дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас <u>12.15-12.55</u>	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру (мәдени- гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				
Күндізгі ұйқы <u>12.55-15.00</u>	Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (көркем әдебиет)				

<p>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары <u>15.00-15.20</u></p>	<p>Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).</p>				
<p>Бесін ас <u>15.20-16.00</u></p>	<p>Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, асты тауысып жеуге дағдыландыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</p>				
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, беунелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер <u>16.00-16.30</u></p>	<p>Жаңбыр тамшыларын мүсіндету (мүсіндеу) Бейнелерді (сызықта рда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама- қарсы түстер) үйрету. Жаңбыр тамшыларын жапсырту. (жапсыру)</p>	<p>еден үстінде ірі құрылыс материалдарынан еркін құрастыру ойыны (Құрастыру) Құрастырылған үйшікті қай аңның үшігі екенін суретін жапсырумен белгілету (Жапсыру)</p>	<p>Құрдастары мен бірге құрастыруға баулу. Бірлескен ойындарды ұйымдастыру. (құрастыру) Өз қалауымен домалақтау, жалпақтау әдісімен жасалатын заттарды мүсіндеуге мүмкіндік беру (Мүсіндеу)</p>	<p>Ересектің көмегімен таныс тақпақты қосыла айту дағдысын дамыту (көркем әдебиет) Еркін ойындар Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін видеоларды көру (музыка)</p>	<p>Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырт у, бүктеу) үйрету. Дайын пішіндерді жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Қолшатыр жапсырту. (жапсыру)</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс <u>16.30-17.00</u></p>	<p>Түстерді ажыратуға және оларды дұрыс айтуға үйрету</p>	<p>Құрылыс материалдарынан және конструктрлардың ірі бөлшектерінен құрастыруға үйрету</p>	<p>Топ балаларына шынықтыру шараларын өткізу кезінде жағымды көңіл күй танытуға баулу.</p>	<p>Нұрмухамедке ересектердің сөзін тындауды үйрету.</p>	<p>Мансурға шынықтыру шараларын өткізгенде жағымды көңіл күй танытуды үйрету</p>
<p>Серуенге дайындық <u>17.00-17.20</u></p>	<p>Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p>				
<p>Серуен <u>17.20-18.00</u></p>	<p>Машиналарды жаңбырдан қорғау үшін оларға шатыр құрастырғызу. (құрастыру) Еркін ойындар Жеке әңгімелесулерді жүргізу</p>	<p>Алу салуға арналған ойыншықтармен ойын ойнату. (сенсорика) Қ/о «Шеңберге тез тұр»</p>	<p>Маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылауды үйрету. Еркін ойындар Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін видеоларды көру (музыка)</p>	<p>Қ/о «Шеңберге тез тұр» Әртүрлі көлемдегі заттарды атауын үйретіп, санын біреу- көп деп, ажыратуын дамыту (сенсорика)</p>	<p>Құрылыс ойыншықтарымен еркін ойындар. (Құрастыру) Қ/О «Жалауға қарай жүгір»</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы <u>18.00-18.30</u></p>	<p>Ертегілер кітабын бірге қарауға кеңес беру. Баланың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы тақырыбында әңгімелесу.</p>				

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Сәуір айы 2022-2023 оқу жылы 1 апта

Білім беру ұйымы: «Әсет-Әли» бөбекжай-балабақшасы»

Топ: «Балдырған» Кіші топ

Балалардың жасы: 2 жас

Тәрбиеші: Батырбекова Ғ

03.04-07.04.2023 ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі 03.04.2023	Сейсенбі 04.04.2023	Сәрсенбі 05.04.2023	Бейсенбі 06.04.2023	Жұма 07.04.2023
Балаларды қабылдау <u>08.00-08.20</u>	Балаларды көтеріңкі көңілді музикамен қарсы алу. Балалар үшін жайлы ойын жағдайын жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуді қалыптастыру. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу <u>08.00-08.20</u>	Балалардың ауа райына байланысты киіну жағдайларын талқылау.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу, қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер <u>08.20-08.55</u>	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында өзі таңдаған ойыншықтармен еркін ойындарды ұйымдастыру. Дидактикалық ойындарға «Қалай дыбыстайды?», саусақ ойыны «Қуырмаш» және үстел үсті ойындарын ойнауға жұмылдыру, белсенділігін арттыру. Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, сурет албомдарын қарауына ықпал жасау. (Балалармен жеке жұмыс).				
Таңертеңгі жаттығу <u>08.55-9.00</u>	Сәуір айына арналған таңертеңгі жаттығуларды жасату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас <u>09.00-09.30</u>	Ересектердің бақылауымен бетін, қолдарын тамақтың алдында өз бетінше жуу, бетімен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету				
Ұйымдастырылған іс әрекетке дайындық <u>09.30-09.40</u>	Көңілді музыканы видео арқылы тамашалап, қимылдарын бірге жасату. Сөздерін қайталау. Балалар қандай ойындар ойнағысы келетінін таңдауын айтуды қалыптастыру. «Құстар әлемі» тақырыбында жеке әңгімелерді айтып беру. Сөзді тыңдай білуге, ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту, қарапайым Кім? Не? Не істейді? сұрақтарға жауап беруге үйрету. Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдауына жағдай жасау және т. б. (сөйлеуді дамыту)				

Ұйымдастырылған іс әрекеттер <u>09.40-09.55</u>		Музыка	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру
	<p>«Құстар» жайлы суретерді тамашалап балалардың даусына еліктеу арқылы дыбыстарды, қарапайым сөз тіркестерін (2- 4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Үстел үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер) құстардың ұяларын құрастыруды үйрету (Құрастыру)</p>	<p>Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдату, ол әуендерді тани білуге дағдыландыру. Құстар түрлі ойыншықтарын беру. Олардың түсін, көлемін, пішінін, сын есімдермен атауды дамыту (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Құстардың ұясын жасату, қолдарының ұсақ бұлшық еттерін дамыту (сенсорика)</p>	<p>Орман бейнесіндегі фланелеграфқа аңдар (аю, қасқыр,қоян) бейнелерін орналастыруды үйрету (жапсыру)</p> <p>Әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдату, ол әуендерді тани білуін қалыптастыру (музыка)</p>	<p>Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді,сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. (көркем әдебиет)</p>	<p><i>Құстар туралы мультфильм қарату.</i> Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып орындатып ойнату. Сол мультфильмді ойыншықтарды,суреттерді, үстел үсті театрдың кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды қолданып көрсетумен айтып беруіне ықпал жасау. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Құстар бейнелерін қағаз бетіне қойып, кескінді конструктивті тәсілмен құрастырып жапсыруға үйрету (Жапсыру)</p>
<p>Серуенге дайындық <u>09.55-10.15</u></p>	<p>Ересектердің басқаруымен киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету)</p>				

	<p>дағдылары, ұсақ моториканы дамыту). Күн тәртібіне сәйкес тазаауадаболуын қамтамасыз ету.</p>
--	--

<p>Серуен <u>10.15-11.55</u></p>	<p>Үй құстарын (тауық, қаз, үйрек), тура лы түсініктерді қалыптастыру. Қаздар мен үйректердің дауысын тыңдату. Оларды қайталау. (Қоршаған ортамен таныстыру) Орман бейнесіндегі фланелеграфқа құстар бейнелерін орналастыруды дамыту (Жапсыру) Қ/о «Өз үйінді тап» Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнату</p>	<p>Еден үсті құрылыс материалдарымен жазықтықта ағаштарды орналастыру құрастырып, орман жасату. (Құрастыру)</p> <p>Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектер әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. (Қоршаған ортамен таныстыру)</p> <p>Ойын «Ортамызда кім жоқ»</p>	<p>Балабақша ауласындағы құстарды бақылату. Құстар сияқты ұшуды пысықтау. Олардың дауыстарын салғызу. (Қоршаған ортамен таныстыру) Қ/о «Өз үйінді тап» Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі Қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату жетілдіру).</p> <p>Ауызша нұсқаумен үлгіге сүйене отырып (сақиналарды жіпке тізу) тапсырмаларды орындауды дамыту (сенсорика)</p>	<p>Құстарға жем су бергізу. Олардың ұясына қонғанын бақылату. Суда жүзетін құстардың суреттеріне қарап салыстыру. (қоршаған ортамен таныстыру және сөйлеуді дамыту)</p> <p>Суда жүзетін құстарға ұя жасату. (Құрастыру)</p>	<p>Ойыншық түріндегі құстарды (тауық, қаз үйрек) ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білуді үйрету (Қоршаған ортамен таныстыру) Еден үсті құрылыс материалдарымен еркін ойындарды ойнату (Құрастыру) Ойын «Ортамызда кім жоқ» Қимылды ойын: Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір ейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру).</p>
<p>Серуеннен оралу <u>11.55-12.15</u></p>	<p>Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюын үйрету. (дербес қимыл әрекеті).</p>				
<p>Түскі ас <u>12.15-12.55</u></p>	<p>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сұрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану,</p>				
	<p>Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</p>				
<p>Күндізгі ұйқы <u>12.55-15.00</u></p>	<p>Ұйықта ралдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдату. Жағымды музыкамен сүйемелденетін ертегілер тыңдату. (көркем әдебиет)</p>				
